



Қазақстан Республикасындағы әділет анықтау органдары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 7 сәуір N 289. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 931 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 931
қаулысымен. Р990931_

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің және

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексін күшіне
енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін іске асыру
мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тергеу
департаменті туралы ереже;

Әділет министрлігі Тергеу департаментінің құрылымы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 1998 жылғы

N 289 Қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тергеу

департаменті туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Департаменттің миссиясы - сот әділдігіне қарсы қылмыстар туралы істер
бойынша, сондай-ақ сот шешімдерін орындау тәртібінің бұзылуына байланысты

істер бойынша қылмыстық тергеуді жүзеге асыру.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тергеу департаменті (бұдан әрі - Департамент) зандарда белгіленген тәртіппен және берілген өкілеттіктердің шегінде сottы сыйламаушылық көріністерімен және сот шешімдерін орындау тәртібін бұзумен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша, сондай-ақ арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функциялары мен салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ведомствосы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, зандарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департаменттің қызметіне және оның аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты және зандарда тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылады.

4. Департаменттің штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Департаменттің құрылымын Үкімет белгілейді және онда

Департаменттің орталық аппаратында анықтау жүргізуді, жедел-іздестіру қызметін және өзге де функцияларды қамтамасыз ететін басқармалардың, бөлімдердің, сондай-ақ оның аумақтық басқармаларының болуы көзделеді.

6. Департамент заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атавы мемлекеттік тілде жазылған мөрі, фирмалық баспалық бланкілері және зандарда көзделген және тыйым салынбаған басқа да деректемелері болады.

2. Басымдықтары

7. Басымдықтары:

әділ сottы жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
қылмыстармен келтірілген материалдық зиянның орнын толтыру;
тергеу практикасын жетілдіру болып табылады.

3. Міндеттері

8. Негізгі міндеттері:

қылмысты табу, жолын кесу және тергеу;
жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ мемлекетке қылмыстармен
келтірілген зиянның орнын толтыру;

ІІМ, ҰҚҚ-нің және басқа да органдардың жедел қызметтерімен
өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және жасырынған қылмыскерлерге
қатысты қылмыстық істерді тергеу кезінде жедел-іздестіру қызметінің
нәтижелерін тиімді пайдалану болып табылады.

4. Функциялары

9. Негізгі функциялары:

әділет анықтау органдарының анықтауына жататын қылмыстарды
тергеу;

қылмыстық іс жүргізудегі істердің тергеуіне іс жүргізу
бақылауын жүзеге асыру;

материалдық залал қылмыстарымен келтірілген залалдың орнын
толтыру жөнінде шаралар қабылдау;

Департамент қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, қылмыстарды тергеуді
оң тәжірибелі анықтау, қорыту және тергеу практикасына енгізу;

кадрларды іріктеу және орналастыру;

Департаменттің құрылымын, штат санының нормативтерін жетілдіру және
ұйымдастыру және компьютерлік техникамен қамтамасыз ету, сондай-ақ
анықтаушыларды әлеуметтік қорғау шаралары және олардың жеке қауіпсіздігі
жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Департаменттің құзыретіне жататын хаттарды, арыздарды, шағымдар мен
өтініштерді белгіленген тәртіппен қарau және шешу;

статистикалық есептер жасау;

Қазақстан Республикасы әділет анықтау органының қызметіне
ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты жүзеге асыру.

5. Қызметін ұйымдастыру

10. Департамент өз қызметін заңдық, адам және азаматтың құқықтары мен

бостандықтарын құрметтеу мен сақтау, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық принциптерінде жүзеге асырады.

11. Департаментті Қазақстан Республикасы Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын директор басқарады. Департамент директорының оның ұсынуы бойынша Әділет министрі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

12. Департамент қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындаудының тәртібі Қазақстан Республикасы әділет анықтау органдарында қызмет еткеру туралы ережемен реттеледі.

13. Департамент директоры:

Департаментке жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын ұйымдастыруға және қылмыстарды тергеуде заңдылықты қамтамасыз етуге жауап береді;

Департаменттің қызметкерлері арасында міндеттерді бөледі, қызметкерлердің ездеріне жүктелген қызметтік міндеттерін орындауды бақылауды қамтамасыз етеді;

кадрларды қызметке қабылдау және қызметтен босату мәселелерін шешеді, Департамент қызметкерлеріне тиісті еңбек және тұрмыс жағдайларын жасау жөнінде шаралар қабылдайды;

Департаментке жүктелген міндеттерді іске асыруға қажетті ақпаратты сұратады және алады;

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген барлық өкілеттіктерді жүзеге асырады, қылмыстық істер бойынша анықтауды толық, жан-жақты және объективті жүргізу жөнінде шаралар қабылдайды;

Департамент қызметкерлеріне қызметтік міндеттерінің бөлінуіне қарамастан, тергеу ісі туралы тапсырмалар береді;

жедел кеңестер өткізеді, департамент қызметкерлерінің хабарламаларын, есептерін және түсініктемелерін тыңдайды, семинарлар, сынақтар және басқа да оқу нысандарын ұйымдастырады, бұйрықтар, өкімдер және нұсқаулар шығарады ;

Әділет министрінің бұйрықтары мен нұсқауларының, сондай-ақ алқа және жедел кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

өз құзыретінің шегінде анықтаушылардың, бөлім және басқарма бастықтарының қызметіне шағымдарды қарайды, қызметтік тексеру тағайындаиды;

мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, Әділет министрлігінің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;
өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6. Тергеу департаментінің аумақтық басқармалары

14. Департаменттің аумақтық басқармалары тиісті аумақта Департаментке жүктелген міндеттерді іске асыру үшін Әділет министрінің бұйрығымен құрылады.

15. Басқармалардың өзінің атауы, мөрлері, мөртаңбалары, фирмалық бланкілері және зандармен тыйым салынбаған басқа да деректемелері болады.

16. Басқарманың құрылымы мен штат санын Әділет министрі белгілейді.

17. Басқармалар өз қызметінде жергілікті жерлердегі әділет басқармаларына тәуелсіз.

18. Жергілікті жерлердегі әділет басқармалары Департаменттің басқармаларын материалдық-техникалық және нормативтік қамтамасыз етумен айналысады, әділет анықтау органы қызметіне үміткерлерді іріктеуге қатысады.

19. Тергеу департаментінің аумақтық басқармалары туралы ережені Әділет министрі бекітеді.

7. Басқа құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық

20. Басқа құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық зандармен, соның ішінде құқық қорғау органдары басшыларының бірлескен бұйрықтарымен айқындалады.

8. Қызметке бақылау жасау

21. Департаменттің және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне бақылау жасауды Әділет министрі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 7 сәуірдегі

N 289 Қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Тергеу департаментінің

Құрылымы

Басшылық

Тергеуді ұйымдастыру басқармасы

Бақылау-әдістемелік басқармасы

Аумақтық басқармалар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК